

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

талдауы нәтижесінде алынған «Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласы» атты шкаланың Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (F2) өлшемі бойынша ер мұғалімдердің мұғалім кәсібіне әйел мұғалімдерге қарағанда мұғалімдік кәсібіне маңыздылық көп беретіндігі анықталды.

Зерттеу барысында «Мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастары олардың жасына байланысты өзгереді ме?» зерттеу сұрағына жауап берілді. Талдау нәтижесінде, мұғалімдердің жасы қаншалықты жас болса, соншалықты мұғалім кәсібінің мәртебесіне көзқарастары жағымды болатыны анықталды.

Сонымен қатар «Мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастары олардың отбасында мұғалімдердің болып болмау жағдайы байланысты өзгереді ме?» зерттеу сұрағына жауап берілді. Талдау нәтижесінде салыстырмалы түрде мұғалімдердің отбасында мұғалім болып жұмыс істейтіндердің болу жағдайы, олардың мұғалім кәсібінің мәртебесіне қатысты жағымды пікірде болатынды анықталды.

Әдебиеттер

- 1.Мейркулова А.Б. Мұғалім мамандығының мәртебесі және оны анықтайтын өлшемдер. «Зерттеу университеті жолында ғылым мен білімнің даму болашағы: жас педагог – ғалымдардың заманауи көзқарасы» I халықаралық вебинар материалдары – 07-21 мамыр, 2021 жыл. Бірінші басылым.
- 2.Бүюкөзтүрк, Ş. Sosyal bilimler için veri analizi el kitabı. Ankara: Pegem Akademi. 2017.
- 3.Meirkulova, A. ve Gelişli, Y. Öğretmenlik mesleğinin statüsüne yönelik algı ölçeği: bir ölçek geliştirme çalışması. Gazi Üniversitesi Gazi Eğitim Fakültesi Dergisi, 41(2) 2021,1145-1172.
- 4.Çokluk, Ö., Şekercioğlu, G., Büyüköztürk, Ş. Sosyal Bilimler Çok Değişkenli İstatistik SPSS ve LISREL Uygulamaları. Ankara: PEGEM AKADEMİ, 2018.

ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ВИКТИМОЛОГИЯНЫҢ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ

Мурзагулова Мейрамкул Дауренбековна

Л.Н. Гумилев атындағы Евразиялық Ұлттық университетінің
«8D01801- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының
1 курс докторанты, Нұр-Сұлтан қ.

Аринова Нургул Айтуовна

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

Масимбаева Айым Алкеновна

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

Аннотация. В статье рассматриваются научные направления, структурное содержание данной области на основе рассуждений ученых, изучавших становление социально-педагогической виктимологии как науки. Автор анализирует причины, по которым люди с психическими, физиологическими, социальными и личностными отклонениями становятся жертвами в определенных ситуациях, методы их коррекции, ресоциализации, факторы избавления от виктимности. Кроме того, в статье делается анализ вводного характера, подчеркнув, что в связи с тем, что эта наука рассматривается в Казахстане только с точки зрения криминологии, до сих пор нет конкретизированных научных исследований, отдельных трудов по ее социально-педагогическим аспектам.

Ключевые слова: личность, жертвы, социально-педагогическая виктимология, социальное воспитание, субъект, индивид.

Abstract. The article considers the scientific directions and structural content of this field on the basis of the conclusions of scientists who studied the formation of social and pedagogical

victimology as a science. The author analyzes the reasons for the victimization of people with mental, physiological, social and personal disorders in certain situations, methods of their correction, resocialization, and factors of overcoming victimhood. In addition, the article notes that due to the fact that this science is considered in Kazakhstan only from the point of view of criminology, there are still no detailed scientific studies on its socio-pedagogical aspects, individual works, and an introductory analysis is made.

Key words: personality, victims, social and pedagogical victimology, social education, subject, individual.

Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік сұраныстар сабақтастығында балалардың қоғамдық талаптардан ауытқымай, өміріне қауіп төндіретін жағдайлардан сақтанып өсуіне, еліне және қоғамға қызмет ететін саналы азамат болып қалыптасуына педагогикалық қолдау мен психологиялық сүйемелдеу көрсетудің мәні ерекше. Сондықтан олардың әлеуметтенуіне теріс әсер ететін түрлі виктимогендік жағдайлардың алдын алу бүгінгі таңда өзектілік танытады. Балалар мен жасөспірімдердің виктимді мінез-құлқының табиғатын қарастыру, құрбан болудың себептері мен факторларын анықтау әлеуметтік педагогиканың негізгі қызметтерінің бірін құрайды. Ғылыми зерттеулерде әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның философия, саясаттану, әлеуметтану, заң және криминалистика, педагогика және психология ғылымдарының сабақтастығында пәндік сипат алуы тұлға теориясымен ұштасып жатады. Ендеше, алдымен виктимологияның ғылым ретінде қалыптасуына зер салайық.

«Виктимология» ғылыми сала ретінде екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дами бастады. Виктимологияның дамуының алғашқы кезеңінде зерттеу қылмыскердің жеке басына бағытталып «қылмыскер-жәбірленуші» жүйесінде қарастырылды. Виктимология сөзбе-сөз мағынада «жәбірленуші туралы ілім» («латын тілінің *victimia* - жәбір (құрбан), грек тілінің *Logos*-ілім сөздерінен шыққан) дегенді білдіреді. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, виктимологияның пайда болуын Ганс фон Гентигесімімен байланыстыруға болады. Ғалым 1948 жылы алғаш рет «Қылмыскер және оның құрбаны» атты еңбегін жазды. Бұл еңбек сол уақытта жәбірленушіні зерттеудегі алғашқы және содан кейінгі бірнеше эмпирикалық зерттеулерге түрткі болған ғылыми монография ретінде басқа елдердің ғалымдарының және ең алдымен оның отандастарының ғылыми ізденістерін күшейтуге ықпал етті. Сөйтіп, виктимология бойынша неміс ғалымдарының арасында М.Е. Вольфганг, Г.Элленбергер, Г.Шульц, Х.Кюри, Г.Шнайдер, Ф.Вертам және т.б. зерттеу еңбектерін шығара бастады.

«Виктимология» терминін 1949 жылы американдық психиатр Фредерик Верхайм енгізіп, оны алғашқы рет қылмыс құрбандарын зерттеуге арналған «Зорлық-зомбылық бейнесі» атты кітабында қолданды. Автор қылмыскердің психологиясын жәбірленушінің әлеуметтенуін түсінбей тұрып ұғыну мүмкін емес екендігін тұжырымдай отырып, жаңа ғылыми бағыт – виктимологияның керектігін саралаған. Виктимологияның негізін қалаушылардың бірі, танымал ғалым Бенджамин Мендельсон виктимологияны тәуелсіз ғылым ретінде қарастыру керек деген көзқарасты жақтаушы болды. Өзінің алғашқы «Жалпы виктимология» атты монографиясын 1975 жылы жарыққа шығарды, онда виктимологияның тұжырымдамасын дамытты, оны қылмыстың құрбаны ғана емес, сол сияқты клиникалық немесе практикалық виктимологияның қандай да бір түрін құрумен байланысты геноцидтің құрбаны, этникалық қақтығыстар және т.б. тұрғысынан қарастырды. Виктимологияның ғылым ретінде қалыптасуының маңызды кезеңі 1979 жылы халықаралық виктимологтар қоғамының құрылуымен сипатталды. Виктимология Бельгия, Германия, Голландия, АҚШ, Франция, Финляндия, Швеция, Жапонияда, сондай-ақ Болгарияда, Венгрияда, Польшада, Чехословакияда, Югославияда белсенді дамып жатты. Виктимологияны дамытуға ағылшын ғалымдары М.Хау мен П.Мэйхью, жапондық ғалымдар К.Миядзава мен К.Уед үлкен үлес қосты.

Кеңестер одағында виктимология тек 80-ші жылдардың аяғында дами бастады. 70-жылдары Л.В.Франк КСРО-да бірінші болып виктимология бойынша еңбектер шығарды, оның ғылыми ізденістерін В.Я. Рыбалская, Д.В. Ривман, В.В. Вандышев, Дьяченко А.А. И.В. Журлова Г.А. Аванесов, С.В. Анощенкова, А.В.Мудрик, А.С. Милевич және т.б ғалымдар жалғастыруда. Виктимологияның дамуы барысында қылмыс құрбаны мәселесі көптеген жылдар бойы құқықтық пәндер шеңберінде немесе соларға байланысты зерттелді. Қазақстандық ғалымдар бұл мәселеге криминалистика тұрғысынан келді, отандық ғалымдардың ішінде Е.О.Алауханов, М.С. Баймурзин, Д.Б. Кайназарова, Н.К. Котова, Н.Д. Мухамедьянов, Ж.Нәбиев, Р.Т.Нұртаевтың арнайы еңбектерін атап кетуге болады. Осындай ғылыми зерттеулерді негізге ала отырып, біз «әлеуметтік-педагогикалық виктимология» түсінігінің мәнін ашуды көздейміз. Ал әлеуметтік-педагогикалық негізде бұл мәселенің әлі де зерттеуді қажет екендігі анық.

Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның қызметі құрбан болған адамдардың қайта әлеуметтенуіне қажетті жағдайларды анықтаудың жалпы және арнайы ұстанымдарын, алдын алудың формасы мен әдістерін, диагностикалау және түзету тәсілдері мен кеңес беру түрлерін ғылыми негіздеп, оларды практикалық тұрғыдан тексеріп дәлелдеуге бағытталады. Осыған байланысты әлеуметтік-педагогикалық виктимология әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік педагогика және әлеуметтік психология ғылымдарының байланысында тұлғаның ауытқушылық мінез-құлқы, әртүрлі физиологиялық кемшіліктерінің социопатогенезіндегі мәселелерін қарастырады. Ресейлік психолог ғалым, әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның мәденигенетикалық тұжырымдамасының авторы Е.В. Руденский тұлғаның әлеуметтік-мәдени қызығушылықтарының теріс бағытта дамуы, тұлға әлеуметтенуінің механизмдерінің әлсіздігі виктимділікке әкелетінін айтады. [1] Қазіргі уақытта әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі ретінде виктимология тұлғаның әлеуметтенуіне кері әсер ететін факторларды анықтай отырып, жасөспірімдердің әлеуметтік-мәдени өміріндегі жағымды өзгерістерді айқындауға назар аударады. Виктимология жәбірленген адамның не себепті құрбандыққа айналу факторларын, яғни адамды қылмыс құрбанына айналуға бейім етуі мүмкін физикалық, психикалық және әлеуметтік ерекшеліктер мен белгілерді зерттейтін болса, әлеуметтік-педагогикалық виктимология адамдардың жағымсыз қылықтары мен мінез-құлқынан, не басқалардың кесірінен құрбандыққа душар болған себеп-салдарын және оны реттеу жолдарын зерттейді. Демек, адамдардың қоғамда әлеуметтенуінің қолайсыз жағдайларының ықтимал құрбаны болуын қарастырады.

«Әлеуметтік-педагогикалық виктимология» ұғымы ХХ ғасырдың ортасында адамның қоғамда әлеуметтенуіне тигізетін теріс әрекеттердің салдарын зерттеудегі ғылыми бағыт ретінде пайда болды. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология – (латынның «құрбандық» және «оқу, түсінік, сөз, ілім» деген сөздерінен алынған) әлеуметтік педагогиканың құрамдас бір бөлігі. Белгілі ғалым А.В.Мудрик әлеуметтік-педагогикалық виктимологияны әлеуметтену барысында қиындыққа ұшыраған, яғни шынайы жағдайда құрбан болған әр түрлі адамдар тобын зерттейтін әлеуметтік-педагогикалық білім ретінде қарастырады.[2]. И. В.Журлованың ойынша, әлеуметтік-педагогикалық виктимология жағымсыз мінез-құлқтың генезисін криминогенге дейінгі деңгейде қарастыратындықтан, оның негізгі объектісі-әлеуметтік құрбандық жағдайындағы бейімделмеген топтар мен индивидтер, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік-виктимологиялық құбылыстар болып табылады. [3]

Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияда жәбірленуші жағдайындағы топтар мен адамдарды қолдау мақсатында әлеуметтік-педагогикалық мекемелер мен қызметтер жүргізетін профилактикалық тәжірибенің әлеуметтік-педагогикалық аспектілері дәйектеліп, ғылыми-теориялық тұрғыда төмендегідей мәселелер қарастырылады :

- Физиологиялық дамудың әр жас кезеңінде кемістігі бар, әлеуметтік құрбандыққа душар болған адамдардың қоғамға бейімделуін, әлеуметтенуін ғылыми-теориялық зерттеу және практикалық тексеру;

- виктимділікке бейім адамдардың типтерін, психологиялық жай-күйін анықтап, педагогикалық-психологиялық нұсқаулар мен кеңестер беру;
- виктимділікке ұшыраған балалар мен отбасының мүшелеріне жүргізілетін психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістерін негіздеп, сараптау;
- социумдағы әлеуметтік жағдайды зерттеп және оған болжам жасау арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық кеңес түрлерін ұсыну;
- құбандармен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыс түрлерін, алдын алу шараларының ұстанымдарын нақтылап, жаңа жолдарын іздестіру.

Сөйтіп, әлеуметтік-педагогикалық виктимология құрбан болған жасөспірімдерді қайта өмірге әлеуметтендіру және виктимділіктің алдын алу үшін жүргізілетін тәрбие жұмыстарына негізделеді деп пайымдауымызға болады. Олай болса, виктимділік мәселесін ғылыми негіздеген еңбектерге сүйене отырып, аталған ұғымды талдап көрейік.

«Виктимділік» ұғымына ғалымдар әрқилы анықтама береді, дегенмен қай анықтаманы алсақ та, олардың бәрінде айтылатын ой тұлғаның жәбірленушілікке бейімделуі, мінез-құлқының өзгеруі, зардап шегу сияқты мәселелермен түйіседі. Жіктеп көрсетер болсақ, І.Халитова «Әлеуметтік педагогика» атты еңбегінде: «Виктимділік – адамның құрбан болуға дайын тұруы немесе соған шалдығуға жақындығы» деп анықтама берген. [4]

Л.В. Сердюк «әрбір адам қылмыс құрбанына айналу мүмкіндігімен кейбір адамдардың виктимдік мінез-құлқын шатастырмау керек, әйтпесе виктимділік өз мағынасын жоғалтады. Әрине ешбір адам қылмыс құрбанына айналумен сақтандырылмаған, бірақ олардың барлығы дерлік өздеріне қарсы қылмыстық қол сұғушылыққа септігін тигізбейді», - дейді. [5] Ал Д.В. Ривман «виктимділікті-тұлға белгілі бір себептерге байланысты икемделмейді, керісінше тұлғаның виктимді болмауы мүмкін емес, адам қоғам мүшесі, ал қоғамда қылмыстылық жойылмаған, яғни адамның қылмыс құрбанына айналуының объективті мүмкіндігі бар», - деп айтады. [6]

Л.В. Франк «виктимділік» ұғымын ғылыми айналымға енгізе отырып, ол виктимділікті қылмыс құрбаны болу мүмкіндігі немесе одан құтылу қабілетсіздігі деп тұжырымдайды. [7]. Осы айтылғандарды профессор Е.О. Алаухановтың виктимділікке ұшыраған адамдарды мінез-құлқына байланысты төмендегідей үш топқа бөліп қарастыруымен жинақтаймыз.

- 1) Жәбірленушінің бейтарап мінез-құлқы – бұл жәбірленушінің виктимологиялық қауіпті жағдайдың тууына қалай да болса әсер етпейтін, сондай-ақ қарсылық көрсетпеумен байланысты емес мінез-құлық түрі;
- 2) Жәбірленушінің жағымды мінез-құлқы – бұл жәбірленушінің виктимологиялық қауіпті жағдайдың тууына себепкер болмайтын, жағдай туғызбайтын, сондай-ақ жағдайға қарай мұқият болуы және қылмыскерлерге қарсылық көрсететін мінез-құлық;
- 3) Жәбірленушінің жағымсыз мінез-құлқы – бұл жәбірленушінің виктимологиялық қауіпті жағдайдың тууына себепкер болатын іс-әрекеті не әрекетсіздігі. [8]

Қазіргі уақытта әлеуметтік педагогика ғылымында адамның әлеуметтік сапалары тұлғаның әлеуметтенуінің педагогикалық механизмдері ретінде қарастырылып, бұл мәселенің теориялық-практикалық бағытында көптеген жаңа ғылыми бағыттар алға шығып отыр. Сондай бағыттардың бірі - әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның А.В.Мудриктің еңбектерінде жеке бөлім ретінде зерттелуімен сипатталады. Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияда адам әлеуметтенудің жағымсыз жағдайларының құрбаны ретінде түсіндіріліп, виктимділік әлеуметтік девиация ретінде қарастырылады. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология теориялық тұрғыда құрбан болушылық пен виктимизацияның тарихын зерттейді, девиантты белсенділік формасы ретінде құрбан болушылық құбылысының салыстырмалы дербестігін ескере отырып, негізгі әлеуметтік өзгерістердің ауысуының ізінше олардың пайда болуы мен даму заңдылықтарын талдайды. Әлеуметтік педагогика виктимділікті, адамның немесе қандай да бір топтың құрбандыққа ұшырап, жәбірленушіге айналуын әлеуметтенудің дұрыс жолға қойылмауымен байланыстырады.

Қорыта айтқанда, әлеуметтік-педагогикалық виктимология әртүрлі категориядағы адамдардың индивидтік, жеке тұлғалық қасиеттеріне сәйкес құрбандардың виктимизацияға ұшырауының себептерін және оларды түзету әдістерін, әлеуметтенуін, сол сияқты виктимділіктен арылу факторларын қарастырады. Әлеуметтік педагогиканың құрамдас бір бөлімі ретінде ол пәнаралық деңгейде психикалық, физиологиялық, әлеуметтік және тұлғалық ауытқушылығы бар адамдардың белгілі бір жағдайларда құрбан болуының себептерін анықтайды.

Әдебиеттер

1. Руденский Е.В. Депривационный виктимизм как социально-психологический механизм онтогенеза личной виктимности / Е.В. Руденский // Мир науки, культуры, образования. – 2013. – № 1 (38). – С. 141-146
2. Мудрик А.В., Петрина М.Г. Социально-педагогическая виктимология как отрасль знания. // Вестник ПСТГУ IV: Педагогика. Психология. - 2016. - Вып. 1 (40). - С. 38–45
3. Журлова, И. В. Социально-педагогическая виктимология : курс лекций / И. В. Журлова. – Мозырь : УО МГПУ им. И. П. Шамякина, 2010. – 172 с.
4. Халитова И. Әлеуметтік педагогика. Оқу құралы. - Алматы: «Білім» баспасы, 2007-200 бет.
5. Сердюк Л.В. О защите детей от семейного насилия и проблеме их правового воспитания. Вопросы ювенальной юстиции №3 (53) 2014
6. Ривман Д.В. Криминальная виктимология: учебное пособие. – СПб.: – ПИТЕР, 2002. – 304 с.
7. Франк Л.В. Виктимология и виктимность. Учебное пособие, 1972г. Душанбе. -111 стр.
8. Алауханов Е.О. Криминология. Учебник. – Алматы, 2008. – 429 с.

ЖАСӨСПІМДЕР АРАСЫНДА ВИКТИМДІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ШЫҒУ СЕБЕПТЕРІ

Мурзагулова Мейрамкул Дауренбековна

Л.Н. Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университетінің
«8D01801- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 1 курс докторанты,
Нұр-Сұлтан қ.

Молбасынова Жумакул Маратовна

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Батырбаева Бақыт Армияқызы

ҚазБСҚА жанындағы сәулет және құрылыс колледжінің оқытушысы педагогика
ғылымдарының магистрі, Алматы қ.

Резюме. В статье дается определение понятию виктимизации и проводится анализ причин происхождения виктимного поведения среди подростков. На каждом возрастном этапе существуют риски, при столкновении которых рассматриваются факторы проблемы личности, которая может стать жертвой неблагоприятных условий социализации. Кроме того, представлено содержание работы по профилактике причин возникновения виктимного поведения.

Ключевые слова: виктимизация, виктимология, социализация, адаптация, фрустрация.

Resume. The article defines the concept of victimization and analyzes the causes of the origin of victim behavior among adolescents. At each age stage there are risks, in the collision of which the factors of the personality problem are considered, which may become a victim of